

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ 2021 жылдың қаржылық нәтижелері

Нұр-Сұлтан, 2022 жылғы 17 наурыз – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ, Қазақстанның тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы (**бұдан әрі - «ҚМГ», «Компания»**), халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған 2021 жылдың шоғырландырылған қаржылық есептілікті тәуелсіз аудитордың есебімен қоса жариялады.

ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары Дәурен Қарабаев:

«Біз сыртқы факторларға байланысты 2021 жылы Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің пандемияға дейінгі деңгейіне жетіп, нарықтың біртіндеп қалпына келуін байқадық. Әлемдегі сұраныстың қалпына келуі, сондай-ақ ОПЕК+ тарапынан мұнай нарығының реттелуі «қара алтын» бағасының өсуінің негізгі факторына айналды. Сыртқы сын-қатерлер зардабын азайту үшін дер кезінде қабылданған шаралар Компанияның біз болжағаннан да жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді».

2021 жылдың негізгі қаржылық көрсеткіштер¹:

- 2021 жылы түсім 2020 жылғы 3 625 млрд теңгемен (8 767 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 61,1%-ға өсіп, 5 839 млрд теңгені (13 704 млн АҚШ доллары) құрады;
- EBITDA көрсеткіші 2020 жылғы 810 млрд теңгемен (1 960 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда 98,6%-ға артып, 1 609 млрд теңгені (3 776 млн АҚШ доллары) құрады;
- Есепті кезеңдегі Компанияның таза пайдасы 1 197 млрд теңге (2 810 млн АҚШ доллары) құрады. Бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда 1 216 млрд теңгені (2 853 млн АҚШ доллары) құрады;
- Еркін ақша ағыны 2020 жылғы 50 млрд. теңгемен (121 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 669 млрд. теңгені (1 570 миллион АҚШ доллары) құрады;
- 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жалпы қарыз 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 8,1%-ға төмендеп, 3 746 млрд. теңгені (8 676 млн АҚШ доллары) құрады;
- Компанияның таза қарызы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2 204 млрд. теңгені (5 104 млн АҚШ доллары) құрап, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы 2 594 млрд.теңге (6 162 млн АҚШ доллары) деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 15%-ға азайды.

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	2021	2020	%
Мұнай, Dated Brent ²	\$/барр.	70,91	41,84	69,5%
Орташа бағам	теңге/ АҚШ доллары.	426,06	413,46	3,0%
Түсім	млрд теңге	5 839	3 625	61,1%

¹ Сомалар қолайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша АҚШ долларында көрсетілген (2021 және 2020 жылдардағы орташа бағамдар, тиісінше, 426,06 және 413,46 теңге/АҚШ долларын құрады, 2021 жылғы 31 желтоқсанға және 2020 жылғы 31 желтоқсанға бағамдар, тиісінше, 431,8 және 420,91 теңге/АҚШ долларын құрады).

Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі	млрд теңге	769	281	173,8%
Таза пайда	млрд теңге	1 197	172	596,5%
Бас компания акционерлеріне тиесілі кезеңдегі таза пайда	млрд теңге	1 276	273	344,9%
ЕБИТДА ³	млрд теңге	1 609	810	98,6%
ЕБИТДА ⁴ түзетілген көрсеткіші	млрд теңге	1 256	664	89,0%
Еркін ақша ағыны ⁵	млрд теңге	669	50	1 234,3%
Күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	414	454	-8,8%
Күрделі шығындар (кассалық әдіс бойынша)	млрд теңге	410	396	3,3%
Жалпы қарыз ⁶	млрд теңге	3 746	4 078	-8,1%
Таза қарыз ⁷	млрд теңге	2 204	2 594	-15,0%

² Дереккөз: S&P Global Platts.

³ ЕБИТДА = сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құнын, өндірістік шығыстарды, жалпы және әкімшілік шығыстарды, тасымалдау және сату жөніндегі шығыстарды, табыс салығынан басқа салықтарды алып тастағанда, кіріске қоса бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто.

⁴ ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші = сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құнын, өндірістік шығыстарды, жалпы және әкімшілік шығыстарды, тасымалдау және сату шығыстарын, табыс салығынан басқа салықтарды алып тастағанда, кіріске қоса бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд.

⁵ Еркін ақша ағыны = негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау және бағалау активтерін сатып алуды қоспағанда, операциялық қызметтен алынған ақша ағыны. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд операциялық қызметтен алынған ақша ағымына кіреді.

⁶ Есепті кезеңнің соңындағы жалпы қарыз = облигациялар + қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

⁷ Есепті кезеңнің соңындағы таза қарыз: ақшалай қаражат пен оның баламаларын алып тастағанда, банк салымдарын алып тастағанда, облигацияларға қоса қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

* 2021 жылғы 11 наурызда Компания мен «Самұрық-Қазына» АҚ «ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі – «ҚТГ») жай акцияларының 100%-не қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды. 2021 жылғы 9 қарашада Компания Самұрық-Қазынаға ҚТГ акцияларының 100%-ын 1 теңгеге берді және сенімгерлік басқару шартының қолданылуын тоқтатты. Мәміле жасалғанға дейін бірқатар заңды және қаржылық шарттар орындалды, оның ішінде мемлекеттік органдар мен ҚМГ кредиторларының келісімдері алынды. Шарттардың соңғысы 2021 жылғы 8 қарашада орындалды. 2021 жылғы 8 қарашадан бастап ҚТГ тоқтатылған қызмет ретінде жіктелді. Толығырақ 2021 жылғы Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 5-ескертпесінен қараңыз.

2021 жылдың өндірістік нәтижелері:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2020 жылғы 21 752 мың тоннаға қарағанда 21 651 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 1,9%-ға ұлғайып, 74 565 мың тоннаны құрады;
- Қазақстандық және румыния мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 4,2%-ға өсіп, 18 833 мың тоннаны құрады.

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	2021 (ҚМГ үлесіне)	2020 (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру	мың тонна	21 651	21 752	-0,5%
Газ өндіру	млн м3	8 081	8 191	-1,4%

Мұнай тасымалдау	мың тонна	74 565	73 171	1,9%
Газды тасымалдау	млн м3	81 851	86 590	-5,5%
Мұнайды өңдеу	мың тонна	18 833	18 077	4,2%

Өндірістік көрсеткіштер бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-ның иелену үлесіне сәйкес және егер өзгесі көрсетілмесе, шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін көрсеткіштердің 100%-ы көрсетілген. Толық ақпарат 2021 жылғы өндірістік нәтижелер туралы баспасөз хабарламасында берілген.

Толық ақпаратты 2021 жылғы өндірістік нәтижелер туралы баспасөз хабарламасында мына сілтеме бойынша оқи аласыз: <https://www.kmg.kz/kaz/press-centr/press-relizy/?cid=0&rid=738>

2021 жылғы қаржылық нәтижелерге шолу

Түсім

2021 жылғы түсім 5 839 млрд теңгені (13 704 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 61,1%-ға жоғары. Түсім динамикасына Brent маркалы мұнай бағасының жылдан жылға 69,5%-ға өсуі, теңгенің АҚШ долларына шаққанда орташа айырбас бағамының жылдан жылға 3,0%-ға әлсіреуі және KMG International N.V. (KMG I) мұнай және мұнай өнімдері трейдингі көлемінің ұлғаюы оң әсер етті. ОПЕК+ келісіміне сәйкес жекелеген кен орындарында өндіруді шектеу мен ескі кен орындарында мұнай өндіру деңгейінің органикалық төмендеуіне байланысты түсімнің ұлғаюына кедергі болды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың 2021 жылғы пайдасындағы үлесі екі еседен астам өсіп, «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) пайдасының 268 млрд теңгеге (617 млн АҚШ доллары), «ҚМГ Қашаған Б.В.» (Қашаған) пайдасының 95 млрд теңгегеге (224 млн АҚШ доллары), «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) пайдасының 63 млрд теңгеге (148 млн АҚШ доллары), «ҚазРосГаз» ЖШС пайдасының 20 млрд теңгеге (47 млн АҚШ доллары) ұлғаюы есебінен 769 млрд теңгені (1 804 млн АҚШ доллары) құрады.

ЕБИТДА

2021 жылы ЕБИТДА көрсеткіші 1 609 млрд теңгені (3 776 млн АҚШ доллары) құрады, 2020 жылғы 810 млрд теңгемен (1 960 млн АҚШ доллары) салыстырғанда 98,6%-ға өсті. Бұған мұнай бағасының өсуі, теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айырбас бағамының әлсіреуі, сондай-ақ корпоративтік орталықтың сатқан өнімі көлемінің 29%-ға ұлғаюы және тиісті мұнай өнімдерін өткізу бағасының қымбаттауы нәтижесінде 2020 жылы «Мұнай мен газды барлау және өндіру» және «Корпоративтік орталық» сегменттерінде ЕБИТДА өсуі оң әсер етті.

ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлесті қоспағанда, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд мөлшерін көрсететін ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші 2021 жылы 1 256 млрд теңгені (2 947 млн АҚШ доллары) құрап, жылдан жылға 89%-ға артты.

Таза пайда

Компанияның таза пайдасы 2020 жылғы 172 млрд теңгеден (416 млн АҚШ доллары) 2021 жылы 1 197 млрд теңгеге (2 810 млн АҚШ доллары) дейін ұлғайды. Пайданың өсуі мұнайдың орташа бағасының жоғарылауы, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске қатысты түсім мен кірістердің өсуіне, сондай-ақ 2021 жылы негізгі құралдардың айтарлықтай құнсыздануының болмауына байланысты болды.

Бас компанияның акционерлеріне тиесілі кезеңдегі таза пайда 1 216 млрд теңгені (2 853 млн АҚШ доллары) құрады.

Өзіндік құн

Есепті кезеңде сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен өзге де материалдардың өзіндік құны 2020 жылмен салыстырғанда 89,2%-ға артып, 3 596 млрд теңгені (8 441 млн АҚШ доллары) құрады. Өзіндік құнның айтарлықтай дәрежеде ұлғаюы мұнайдың орташа бағасының өсуіне және теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айырбас бағамының әлсіреуіне байланысты болды.

Операциялық шығындар

2021 жылы өндірістік шығыстар 2020 жылмен салыстырғанда шамалы ұлғайып, 693 млрд теңгені (1 627 млн АҚШ доллары) құрады.

Тасымалдау және сату шығындары 132 млрд теңгені (310 млн АҚШ доллары) құрап, 2020 жылғы көрсеткіштен 3,8%-ға төмен болды.

Жалпы және әкімшілік шығындар 1,3%-ға 148 млрд теңгеге (348 млн АҚШ доллары) дейін ұлғайды.

2021 жылы табыс салығынан басқа салықтар негізінен мұнай бағасының жоғарылауына байланысты рента салығы, экспорттық кедендік баж және ПҚӨС шығыстарының ұлғаюы нәтижесінде 68,5%-ға өсіп, 429 млрд теңгені (1 006 млн АҚШ доллары) құрады.

2021 жылы қаржылық шығындар 249 млрд теңгені (585 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2020 жылдың қазан-қараша айларында 2022 және 2023 жылдары өтеу мерзімімен облигацияларды мерзімінен бұрын толық сатып алуға байланысты 2020 жылмен салыстырғанда 6,1%-ға аз болды.

Күрделі шығыстар

2021 жылы Компанияның күрделі шығыстары (есептеу әдісі бойынша, сегменттік есептілікте ашылды) 2020 жылмен салыстырғанда 8,8%-ға төмендеп, 414 млрд теңгені (972 млн АҚШ долларын) құрады.

Қарызды басқару

Қарыздық жүктеме көрсеткіштері

	Өлшем бірлігі	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан	%
Облигациялар	млрд теңге	2 706	2 978	-9,1%
Қарыздар	млрд теңге	1 040	1 101	-5,5%

Жалпы қарыз	млрд теңге	3 746	4 078	-8,1%
Қаржылық кепілдіктер	млрд теңге	1,6	238	-99,3%
Кепілдік міндеттемелер ескерілген жалпы қарыз	млрд теңге	3 748	4 316	-13,2%

Дөңгелектеу нәтижесінде сандар қосылмауы мүмкін.

2021 жылғы 31 желтоқсанда жалпы қарыз 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда «ҚазТрансГаз» АҚ қайта шоғырландыру нәтижесінде теңгелік мәнде 8,1%-ға азайғанын (долларлық мәнде 10,5%-ға азайғанын) көрсете отырып, 3 746 млрд теңгені (8 676 млн АҚШ доллары) құрады.

2021 жылғы 31 желтоқсанда кепілдік міндеттемелер ескерілген жалпы қарыз 3 748 млрд теңгені (8 680 млн АҚШ долл.) құрады және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгелік мәнде 13,2%-ға (долларлық мәнде 15,4%-ға) төмендегенін көрсетті.

Компанияның қарыздық жүктемесіндегі валюталық тәуекелді төмендету мақсатында қарыздарды қайта қаржыландыру бойынша бірқатар мәміле жасалды. Есепті кезеңде Атырау мұнай өңдеу зауыты шетел валютасындағы мына несиелерді қайта қаржыландырды: 1) 2021 жылғы қаңтарда Атырау мұнай өңдеу зауыты «Қазақстан халық банкі» АҚ-дан 54 млрд теңге қарыз тарту арқылы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дан алынған кредитті 126 млн АҚШ доллары сомасында мерзімінен бұрын толық өтеді. 2) Атырау мұнай өңдеу зауыты 2022 жылғы қаңтарда Қытай Экспорттық-импорттық банкінен (Эксимбанк) алынған 518 млн АҚШ доллары жалпы сомасындағы қарызды мерзімінен бұрын толық өтеу үшін 2021 жылғы қарашада ВТБ ЖАҚ-тан 38 миллиард рубль сомасына қарыз алу арқылы 3) 2021 жылғы желтоқсанда Атырау мұнай өңдеу зауыты «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан 56 млрд теңгеге несие тарту арқылы Жапония халықаралық ынтымақтастық банкінің (JBIC) 119 млн АҚШ доллары көлеміндегі қарызын мерзімінен бұрын толық өтеді

Export-Import Bank of China (Eximbank) қарызын мерзімінен бұрын толық өтеуді есепке алғандағы жалпы қарыз 2022 жылдың қаңтарында 3 524 млрд теңгені (8 158 млн АҚШ долл.) құрады.

KMGІ айналым капиталын қаржыландыру үшін Cargill-дан 50 млн АҚШ доллар, Banque de Commerce et de Placements-тен 46 млн АҚШ доллар қысқа мерзімді қарыздар алды. KMGІ сондай-ақ ING Bank NV- дің 71 млн АҚШ долларын құрайтын қысқа мерзімді қарызды сыйақымен қоса ішінара төледі.

Таза қарыз

2021 жылғы 31 желтоқсандағы таза қарыз 2 204 млрд теңгені (5 104 млн АҚШ долларын) құрады, бұл 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдаймен салыстырғанда теңгемен есептегенде 15%-ға төмен.

Ақшалай қаражат

Шоғырландырылған ақша қаражаты, оның баламалары және депозит түріндегі ақша қаражаты

	Өлшем бірлігі	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан	%
Ақша қаражаты және оның баламалары	млрд теңге	976	1 146	-14,8%

Қысқа мерзімді депозиттер	млрд теңге	511	282	80,7%
Ұзақ мерзімді депозиттер	млрд теңге	56	57	-0,8%
Ақша қаражаты мен оның баламалары және депозит түріндегі ақша қаражаты	млрд теңге	1 542	1 485	3,9%

Шоғырландырылған ақша қаражаты, оның ішінде депозит түріндегі қолма-қол ақша 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 3,9%-ға шамалы өсті және 1 542 млрд теңгені (3 572 млн АҚШ долл.) құрады. Ақша қаражаты мен оның баламаларының өсуі негізінен операциялық қызметтен түскен 1 078 млрд теңге (2 531 млн АҚШ доллары) сомасындағы оң таза ақша ағынымен байланысты, бұл «ҚазТрансГаз» АҚ-тың ҚМГ құрамынан шығуына байланысты 380 438 млн теңге мөлшеріндегі ақша қаражатының ішінара есептен шығуымен айырмашылықты жойды. Доллар түрінде шоғырландырылған ақшалай қаражат, олардың баламалары 2020 жылғы 31 желтоқсандағы 3 528 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 1,3%-ға 3 572 млн АҚШ долларына дейін өсті.

2021 жылдың басынан бергі негізгі корпоративтік оқиғалар:

- 2021 жылғы 11 наурызда ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» АҚ ҚТГ-нің 100% жай акцияларына қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды;
- 2021 жылғы 30 наурыздан бастап жалпы сомасы 6,25 млрд АҚШ доллары ҚМГ еурооблигациялары Astana International Exchange ресми тізіміне енді;
- 2021 жылғы 21 сәуірде ҚТГ 2021 жылғы 30 наурыздағы келісім алу туралы меморандумға сәйкес ҚТГ еурооблигацияларын ұстаушылардың шығару талаптарын оңтайландыруға 2027 жылы өтеу мерзімімен келісін алды;
- 2021 жылғы 30 сәуірде S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ кредиттік рейтингін «BB» деңгейінде «теріс» болжаммен растады;
- 2021 жылғы 3 маусымда Атырау мұнай өңдеу зауыты мен Еуропалық қайта құру және даму банкі 80 миллион АҚШ долларына баламалы сомаға дейін теңгемен TAZALYQ жобасын қаржыландыру туралы келісімге қол қойды.
- 2021 жылғы 4 маусымда ҚМГ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49,99%-ын сатып алу мен сату шартына қол қойды;
- 2021 жылғы 16 маусымда ҚМГ 2025, 2027, 2030, 2047, 2048 жылдары өтеу мерзімімен ҚМГ еурооблигацияларын ұстаушыларынан оларды 2020 жылғы ҚМГ еурооблигацияларын шығару шарттарына сәйкес келтіруге келісін алды;
- 2021 жылғы мамырда 2020 жылға дивиденд мөлшері жарияланғаннан кейін «Самұрық-Қазына» АҚ мен ҚР Ұлттық Банкінің шешіміне сәйкес ҚМГ 3 тамыздағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 45 млрд теңге (107 млн АҚШ доллары) және ҚР Ұлттық Банкінің 5 млрд теңге (11 млн АҚШ доллары) сомасындағы дивидендті қоса алғанда, 50 млрд теңге (118 млн АҚШ доллары) сомасындағы дивидендті толық төледі
- 2021 жылғы 12 тамызда Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның тәуелсіз рейтингінің көтерілуіне байланысты ҚМГ кредиттік рейтингін «Ваа3»-тен «Ваа2»-ке дейін көтерді. Рейтинг бойынша болжам «жағымдыдан» «тұрақты» болып өзгерді;
- 2021 жылғы 20 қыркүйекте Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ дефолтының ұзақмерзімді рейтингісін «BBB -» деңгейінде растады (егеменді рейтингтен бір тармақ төмен), болжам «Тұрақты»;

- 2021 жылғы 25 қазанда Sustainalytics халықаралық агенттігі тұрақты даму саласындағы ҚМГ рейтингінің ESG тәуекел көрсеткішін 34,5 балдан 28,4 балға дейін жақсартты;
- 2021 жылғы 27 қазанда ҚМГ Бейнеу-Шымкент газ құбырына берген кепілдіктің қолданылуы тоқтатылды. БШГҚ қарызы бойынша кредиттік құжаттамаға өзгерістер енгізілді. Осы мәміленің нәтижесінде ҚТГ шетелдік банктер синдикаты алдындағы қарыз бойынша міндеттемелердің 100% кепілі болып табылады;
- 2021 жылғы қарашада ҚМГ Директорлар кеңесі Компанияның 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын және ҚМГ 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын бекітті;
- 2021 жылғы 8 қарашада АМӨЗ Ехimbank валюталық қарызын қайта қаржыландыру мақсатында ВТБ тобының 38,2 млрд рубль сомасындағы қарызы бойынша іріктеу жүргізді. Қаражат Ехimbank пайдасына резервке қоюға жіберілді, қаражат 2022 жылғы қаңтарда кесте бойынша есептен шығарылады. ҚМГ АМӨЗ міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етудің корпоративтік кепілдігін шығарды;
- 2021 жылғы 9 қарашада Компания «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларының 100%-ын «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына берді. Мәміле сомасы – 1 теңге. Осы күні ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» АҚ арасында 2021 жылғы 11 наурызда жасалған сенімгерлік басқару шарты да күшін жойды.

Толық ақпарат мына сілтеме бойынша берілген: <https://www.kmg.kz/rus/investoram/reporting-and-financial-result/>

Байланыс үшін:

ir@kmg.kz

тел: +7 (717) 2 78 63 43

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы:

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтерді ұсынуға дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін білдіреді.

ҚМГ негізгі активтеріне мыналар кіреді:

Барлау және Өндіру: Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (КТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Өріктау (ӨО) – 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (КГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (ҚБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПҚИ) – 33%, Теңізшевройл (ТШО) – 20%, Қарашығанақ (КПО) – 10%, Қашаған – 8,44%.

Мұнай және газ тасымалдау, газ маркетингі: ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай құбыры (ҚҚК) – 50%, Мұнай Тас – 51%, Batumi Oil Terminal – 100%, ҚТК – 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты – 100%, ҚазРосГаз – 50%.

Өңдеу: ПМХЗ – 100%, АМӨЗ – 99,53%, ПКОП – 49,72%, KMG International – 100% (Петромидия – 54,63%, Вера – 54,63%).